

Қаратал ауылдық округінің Бекет ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 маусымдағы N 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 тамызда N 3429 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 11

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 04.04.2016 № 11 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Үржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде Қаратал ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қаратал ауылдық округінің Бекет ауылында мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы М. Доскеевке шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптардың орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның "Үржар Вет" мал дәрігері Б. Кәріпжановқа сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал ауылдық округінің әкімі

Қ. Ноғаев

Келісілді:

Қазақстан Республикасы ауыл
шаруашылық Министрлігі
ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Үржар
аудандық аумақтық инспекциясының
мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық
инспекторы

М. Доскеев

" 30 " маусым 2014 ж.

Мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорынның "Үржар Вет"
мал дәрігері

Б. Кәріпжанов

" 30 " маусым 2014 ж.